

"Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы 2020 жылға дейінгі сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы N 116 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы 2020 жылға дейінгі сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

**Қазақстан Республикасы Президентінің
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы 2020 жылға дейінгі сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы**

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 15-бабының 1) тармақшасына с ә й к е с **Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы 2020 жылға дейінгі сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы шарт бекітілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы 2020 жылға дейінгі сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы ШАРТ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан, 1993 жылғы 19 мамырда Ашхабад қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастық туралы шарттың, 1997 жылғы 27 ақпанда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан

Республикасы мен Түрікменстан арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларацияның ережелерін, сондай-ақ 1999 жылғы 9 сәуірде Ашхабад қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев пен Түрікменстан Президенті С. Ниязовтың бірлескен мәлімдемесін басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

тең құқылы және өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі нығайту және дамыту ниетін ескере отырып,
ұзақ мерзімді және өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық, екі мемлекеттің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану олардың халқының әл-ауқатын арттыруға қызмет етеді деп санай отырып ,

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың олардың экономикалық гүлденуі мен қауіпсіздігін нығайтуға ықпал ететін қалыптасып келе жатқан әлеуетін жоғары бағалай отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы 2020 жылға дейінгі сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) мақұлдайды.

2-бап

Экономикалық ынтымақтастық жалпыға танылған халықаралық құқық нормаларына және Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптардың сыртқы экономикалық қызмет субъектілерінің өзара іс-қимылы жолымен жүзеге асырылады.

Тараптар өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықтың дамуына, оның ішінде жекелеген бағдарламалардың, жобалар мен келісім шарттардың қалыптасуына, бірлескен өндірістік құрылымдардың құрылуына, біліммен және ғылыми-техникалық тәжірибемен алмасуға, банкаралық қатынастардың нығаюына және олардың ұлттық заңнамаларына сәйкес инвестициялық жобаларға өзара қатысуға жәрдемдеседі.

3-бап

Тауарларды жеткізуге және қызметтерді көрсетуге барлық есеп айырысулар мен төлемдер халықаралық сауда, қаржылық және банктік практикада қабылданған шарттарға сәйкес және Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес нарықтық бағалар бойынша еркін айырбасталатын валютада жүзеге асырылады.

Тараптардың уәкілетті органдарының уағдаластығы бойынша есеп айырысулар мен

төлемдер Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес басқа нысанда да жүзеге асырылуы мүмкін.

4-бап

Тараптар Қазақстан-Түрікменстан экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссияға Бағдарламаның ережелерін орындау жөніндегі қызметті үйлестіруді жүктейді.

5-бап

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

6-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Шарттың 8-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Шарт Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

8-бап

Осы Шарт Тараптардың осы Шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді және 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

Осы Шарт Тараптардың біреуі оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қ а л а д ы .

Осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін осы Шартқа сәйкес жасалған және оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орындалуы аяқталмаған бағдарламаларға, жобалар мен келісім шарттарға қатысты оның ережелері өз күшінде болады.

2007 жылғы 28 мамырда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің заңды күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

ТҮРІКМЕНСТАН

ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ

Н. НАЗАРБАЕВ

Г. БЕРДЫМУХАММЕДОВ

2007 жылғы "___" мамырдағы

Қазақстан Республикасы мен

Түрікменстан арасындағы

2020 жылға дейінгі сауда-экономикалық,

ғылыми-техникалық және мәдени

ынтымақтастық туралы шартпен

мақұлданған

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы 2020 жылға дейінгі сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық бағдарламасы 1. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарлама Қазақстан Республикасы мен Түрікменстанның өздерінің экономикалық әлеуетін, халықаралық нарықтың қалыптасып отырған қажеттілігін және әлемдік шаруашылық байланыстарды дамытудың негізгі үрдістерін ескере отырып, екі мемлекет арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарды дамытуға жәрдем көрсету жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруы мақсатында әзірленді.

Жоғарыда аталған мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай міндеттерді бірлесе шешу көзделді:

қазақстан-түрікмен шарттарының ережелерін тиімді іске асыру үшін қажетті жағдай жасау;

экономиканың әр түрлі салаларында өзара тиімді байланыстарды дамыту;
инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау;
төлем-есеп айырысу және несие-қаржы қатынастарын жетілдіру;
мәдениет, туризм және спорт, санаториялық-курорттық іс саласындағы байланыстарды дамыту;

тәжірибесі және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен алмасу;
экономиканың тиісті салаларында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды даярлау.

2. Ынтымақтастықтың негізгі салалары мен бағыттары

Ынтымақтастықтың негізгі салалары мыналар болып табылады:
стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу;
экология және қоршаған ортаны қорғау;
өсімдіктердің, жануарлардың карантині және оларды қорғау;
денсаулық сақтау және санитарлық-эпидемиологиялық жағдай;
мұнай - газ өнеркәсібі;
ауыл шаруашылығы;
білім беру және ғылым;
халықты әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау.

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:
Тараптар ынтымақтастығының шарттық-құқықтық базасын кеңейту және дамыту;
озық технологиялармен алмасу;
халықаралық көлік дәліздері мен коммуникацияларды өзара тиімді пайдалану;
бірлескен өндірістер мен кәсіпорындар ұйымдастыру;
кәсіпкерлік қызмет саласында ақпарат алмасу;
тауарлармен және қызметтермен сауданы әртараптандыру;
бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;
өндірісті тұрақтандыруға және экономикалық өсуге қол жеткізу;
ауыл шаруашылығы үшін химикаттар мен тыңайтқыштардың өндірісін әзірлеу және
ұйымдастыру;
түсті металл кендерін, темірді, фосфориттерді байыту және қайта өңдеу;
санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды жақсарту жөнінде өзара тиімді шаралар
әзірлеу;
аридтік аймақтардың мелиорациясы мен су шаруашылығы саласындағы өзара
іс-қимыл.

3. Тауарлармен және қызметтермен сауда саласындағы ынтымақтастық

Тараптар арасындағы тауарлармен және қызметтермен сауда саласындағы
ынтымақтастық мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:
тауарлар мен қызметтер номенклатурасын ұлғайту, өнімдердің бәсекеге
қабілеттілігін арттыру;
тауарлар мен қызметтердің транзитін жүзеге асыру мақсатында көліктік және
телекоммуникациялық желілерге сыртқы экономикалық қызмет субъектілерінің қол
жетімділігін қамтамасыз ету;
мемлекеттердің сыртқы сауда және экспорттық-импорттық мүмкіндіктері мен
қажеттіліктері жөніндегі статистикалық ақпаратпен, сондай-ақ статистикалық
басылымдар және әдістемелік материалдарымен алмасу;
бизнес-сапарлар мен сауда миссияларын ұйымдастыру;

ұлттық және халықаралық көрмелер, жәрмеңкелер, семинарлар, конференциялар, форумдар мен ақпараттық алмасу және іскерлік байланыстарды орнату жөніндегі басқа да іс-шараларды өткізу.

4. Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық

Тараптардың ынтымақтастығы үшін барынша перспективалы және тиімді секторларының бірі көлік құбыржолы инфрақұрылымы мен түрікмен газының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті болып табылады.

5. Кеден ісі саласындағы ынтымақтастық

Осы саладағы ынтымақтастық мыналарды: кеден ісі мәселелері бойынша жасалған үкіметаралық келісімдерді іске асыруды; заңсыз әкетілген мәдени құндылықтарды ұстау және шығарылған еліне қайтару жөніндегі, кедендік құжаттарды өзара тану мен акцизделетін тауарларды жеткізуге өзара бақылау туралы халықаралық шарттарды жасауды; энергия ресурстарын кедендік ресімдеуді және олардың орнын ауыстыруды бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимылды; келісілген кеден саясатын жүргізуді, көлік құралдары мен тауарлардың қозғалысы үшін қолайлы жағдай жасауды, кедендік бақылауды оңтайландыруды, екі жақты келісімдер негізінде кеден органдарының өзара іс-қимылын дамытуды қамтиды.

6. Қаржы және банктік іс саласындағы ынтымақтастық

Бұл саладағы басым бағыт электронды банктік технологияларды пайдалануға, тауарлардың, қызметтер мен капиталдың қозғалысына байланысты операциялар бойынша сыртқы экономикалық қызмет субъектілерінің ақшалай есеп айырысуларын жүзеге асыру кезінде барынша қолайлылықты қамтамасыз ететін хат-хабар қатынастарын кеңейтуге негізделген Тараптардың банктері арасындағы есеп айырысулардың қазіргі заманғы жүйесін құру болып табылады.

7. Көлік және байланыс саласындағы ынтымақтастық

Тараптар сыртқы экономикалық қызмет субъектілерінің құбыржолы көлігінің, әуе, автомобиль, темір жол, теңіз көлігі құралдарымен жүктер және жолаушылар тасымалының, алдыңғы қатарлы технологияларға негізделген көліктік және телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі қызметін көтермелеуге ниеттенеді.

Темір жол тасымалын, вагондық және контейнерлік парктерді бірлесіп пайдалануды, келісілген тарифтік саясатты жүргізуді, түпкілікті және транзиттік халықаралық

телефон трафигімен өзара алмасуды ұйымдастыру жөніндегі темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

8. Ғылыми-техникалық ынтымақтастық

Осы саладағы ынтымақтастық мыналарды қамтиды:
ғылыми-техникалық кәсіпорындардың басшылары және қызметкерлерінің тағылымдамаларын қоса алғанда, мамандардың тәжірибе алмасуын;

Тараптар мамандарын тарта отырып және олардың халықаралық жобаларға, қозғалған мәселелер бойынша бюллетеньдер мен каталогтарды тұрақты шығаруға қатысуымен ғылыми ынтымақтастық туралы коммерциялық емес шарттардың негізінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен алмасу;

сейсмикалық қауіпті бағалау жөніндегі әдіснамалармен, әлемдегі күшті жер сілкіністері туралы деректермен, өзара қызығушылық туғызатын ғылыми жарияланымдармен және зерттеулердің нәтижелерімен алмасу;

Каспий және Арал теңіздерінің бассейнінде жүргізілген гидрометеорологиялық ақпарат және ғылыми-зерттеу жұмыстарының деректерімен алмасуды;

зияткерлік меншік құқықтарын, авторлық және аралас құқықтарды қорғау жөнінде а қ п а р а т а л м а с у ;

жаңартылатын энергия көздерін, атап айтқанда Күн мен желдің энергиясын п а й д а л а н у мә с е л е л е р і ;

шектес аумақтарда жер қабатының құрылымын зерделеуге қатысты ғылыми-зерттеу а қ п а р а т ы м е н а л м а с у ;

ғылым және білім мақсаттары үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануда тәжірибе алмасуды қамтиды.

9. Мәдениет, туризм және спорт саласындағы ынтымақтастық

Осы саладағы ынтымақтастық мыналарды қамтиды:
бірлескен халықаралық жобаларға, Тараптардың аумақтарында өткізілетін іс-шараларға қатысу жолымен туризм саласындағы байланыстарды дамыту;

театр, музыка, бейнелеу, эстрадалық және цирк өнері, кино, телевидение, кітапхана және мұражай ісі мен мәдени қызметтің басқа да түрлерін дамыту үшін қолайлы ж а ғ д а й ж а с а у ;

шығармашылық одақтардың, қоғамдық қорлардың, мәдениет пен өнер мекемелерінің арасындағы байланыстарды дамыту;

халықаралық кинофестивальдар мен театр гастрольдерін, сурет көрмелерін өткізуді, музыка және театр шығармаларын бірлесіп қоюды өткізу;

халықаралық спорттық іс-шаралар, оның ішінде ұлттық спорт түрлері бойынша, мамандандырылған спорттық базаларда бірлескен оқу-жаттығу жиындарын өткізуді,

сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан спортшыларының Тараптар аумағында өткізілетін халықаралық жарыстарға қатысуы.

10. Басқа салалардағы ынтымақтастық

Ынтымақтастықтың жоғарыда санамаланған салаларымен шектелмей, Тараптар құрылыс және құрылыс материалдарын өндіру, өндіріс үшін шикізат ресурстарын оңтайлы пайдалану саласында, сондай-ақ басқа да салаларда Тараптардың субъектілері арасындағы іскерлік байланыстарды кеңейтуге ықпал етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК